

Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 қарашада № 14422 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 44) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша күші жойылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары F.O. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

М. Бекетаев _____

2016 жылғы 3 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов _____

2016 жылғы 21 қыркүйек

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

2016 жылғы 31 тамыздағы

№ 207 қаулысымен

бекітілген

Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 747-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 19, 24-баптарына, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 44) тармақшасына және 49-бабына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының банктерінде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) лицензиясы негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осындай ұйымның қызметін реттейтін заңында

көрсетілген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген жағдайда, жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуі жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – банктер) клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда Азаматтық кодексте, Салық кодексінде және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңды көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғым пайдаланылады:

серпінді сәйкестендіру – клиенттік банктік шот ашуға арналған етінішке қол қою және банктік қызмет көрсету шартына қол қою құқығын біржолғы кодты қолдану арқылы бір мағыналы екендігін растау мақсатымен клиенттің жеке басын анықтау рәсімі.

3. Банктік шоттар ағымдағы, жинақ және корреспонденттік шоттар болып бөлінеді, осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, теңгемен және сол сияқты шетел валютасымен ашылады және жүргізіледі.

4. Корреспонденттік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 143350 болып тіркелген "Банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен бекітілген банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды бекіту қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Банктік шоттар ашу

1-параграф. Жалпы ережелер

5. Банк белгілеген нысан бойынша банкке қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде ұсынылған клиенттің өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде клиент пен банк арасында банктік шот шарты және (немесе) банктік салым шарты (бұдан әрі – банктік қызмет көрсету шарты) жасалған кезде банктік шот ашылады.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу мақсаты үшін банктік шот шартын жасасқанға дейін ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган банкке ұсынған жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру номірін және тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) қоса алғанда, ол туралы ақпарат негізінде банктің клиентке жеке сәйкестендіру кодын беруіне рұқсат етіледі. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган жеке тұлғаның келісімімен жеке тұлға туралы ақпаратты ұсынады және ол клиенттің электрондық нысанда жіберілген банктік шотты ашу туралы өтінішіне теңестіріледі. Бұл ретте осы Қағидалардың талаптарына сәйкес банктік қызмет көрсету шарты жасалғаннан кейін ғана осы банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға рұқсат етіледі.

Тұрғын үй төлемдерін есепке алуға және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Тұрғын үй қатынастары туралы зан) 101-5-бабына сәйкес мақсатта төлемдерді жүзеге асыруға арналған банктік шот банк, клиент – тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын қызметкер және қызметкері тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылатын мемлекеттік мекеме арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 1727 қағидалар) 9-қосымшаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 49 қағидалар) сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 872 қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан

әрі – № 872 қағидалар) 8-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларына (бұдан әрі – № 524 қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес тұрғын үй төлемдері туралы шарт жасалған кезде ашылады.

Клиент пен банк арасында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33897 болып тіркелген "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес білім беру жинақтау салымы туралы шарт жасалған кезде "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) 7-бабына сәйкес білім беру жинақтау салымына арналған банктік шот ашылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.09.2024 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Тұрғын үй қатынастары туралы шартты және білім беру жинақтау салымы туралы шартты қоспағанда банктік қызмет көрсету шартына мыналар кіреді:

- 1) қосылу шартын қоспағанда клиенттің сәйкестендіру нөмірі;
- 2) қосылу шартын қоспағанда жеке сәйкестендіру коды;
- 3) клиенттік банктік шотында тұрған ақшаны басқару тәртібі;
- 4) банктің қызмет көрсету талаптары және оларға ақы төлеу тәртібі;

5) клиенттік банктік шотын жабу туралы өтініші негізінде банктік шотты жабу мерзімі.

7. Клиенттің ақшасын есепке алу үшін клиентке банктік шот ашу кезінде банк оған банк клиентінің банктік шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру кодын тағайындайды.

8. Клиентке банктік шотты ашқан не клиент банкке өтініш жасаған кезде банктік шотты ашқаннан кейін банк клиентке еркін жазбаша нысанда немесе электрондық түрде растама береді, онда банктік шоттың нөмірі банктік қызмет көрсету шартында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, банктік шоттың нөмірі көрсетіледі.

Клиент Қағидалардың 27, 27-1, 28, 28-2-тармақтарында көзделген тәртіппен ашылған ағымдағы шотты растау үшін банкке өтініш жасаған жағдайда, банк есепке алу үшін осындашын шот ашылатын төлемдердің атауын көрсете отырып "арнайы шот" белгісін қосымша қояды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Банктік шот нөмірінің бірыңғай құрылымына бақылау дәрежесі кіреді.

Банктік шот нөмірінің бірыңғай құрылымы осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Бақылау дәрежесін есептеу және тексеру алгоритмі осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

10. Клиентке банктік шот ашуды банк "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) 5-бабына сәйкес клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылданғаннан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Клиент-жеке тұлға банктік шотты ашқан кезде, егер банк пен клиент арасындағы банктік қызмет көрсету шартында мұндай талаптар көзделмесе, кәсіпкерлік, нотариалдық қызметпен, адвокаттық қызметпен, атқару құжаттарын орындау бойынша қызметпен медиация тәртібімен дауларды реттеу бойынша қызметпен байланысты операциялардың банктік шот бойынша жүргізілмегені туралы мәліметтер көрсетілетін банктік шот ашу туралы өтініш ұсынады.

12. Клиент банкке электрондық түрде ұсынатын өтініште Қағидалардың 21-тармағында көзделген мәліметтерді қоса алғанда, КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес клиенттерді (оның өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру үшін қажетті мәліметтер бар.

13. Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, клиент электрондық түрдегі өтінішті банкке электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе серпінді сәйкестендіруді пайдалана отырып ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша банктік қызмет көрсету шартын банктің ішкі құжаттарында көзделген қауіпсіздік рәсімдерін қолдана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе динамикалық сәйкестендіруді пайдаланумен, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20160 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысымен бекітілген Қылмыстық

жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды ескере отырып, электрондық түрде жасалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Банктік шотты банктік қызмет көрсету шарты негізінде ашу кезінде клиенттің банктік шоттағы ақшаға иелік етуі мақсатында мынадай құжаттар пайдаланылады:

1) Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген, қол қою үлгілері бар құжат;

2) Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген, қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жасалған кезде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

Банктік шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін клиент банкке өтініш білдірген кезде, клиентке қашықтан ашу тәсілімен банктік шот ашылған жағдайларды қоспағанда, банктік қызмет көрсету шарты жасалғаннан кейін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынуға жол беріледі.

Клиенттің банктік шотты ашуы, банктік шоттағы ақшаға иелік етуі қашықтан орындалған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Клиентпен қашықтықтан жүзеге асырылатын іскерлік қатынастар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17250 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 қаулысымен бекітілген Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Клиент бір банкте (оның филиалдары мен бөлімшелерінде) екінші және одан кейінгі банктік шоттарды ашқан жағдайда, банк клиенттің банктік шот ашу үшін көзделген құжаттарын (мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсатын және клиент-жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжатты қоспағанда) мынадай жағдайлардың бірі болса:

1) егер клиент алғашқы банктік шотты ашқан банкте (банктің филиалында, бөлімшесінде) банктік шот ашатын болса;

2) егер клиентке алғашқы банктік шот ашылған банктің (банк филиалының, бөлімшесінің) Қағидаларға сәйкес банктік шот ашуға қажетті құжаттардың толық топтамасының бар екені туралы растауы болса;

3) егер банкте (банк филиалында, бөлімшесінде) банктік шоттың бар екендігі туралы ақпаратпен әрбір клиент бойынша іс қалыптастыруға қажетті бағдарламалық жасақтама (бұдан әрі – электрондық досье) электронды түрде болса және банктік шотты ашқан сәтте клиенттің электрондық досъесінде өзгерістер болмаса, қайтадан тапсыруын талап етпейді.

Қазақстан Республикасының резиденті-клиентке бір банкте екінші және одан кейінгі банктік шоттарды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану арқылы қашықтықтан тәсілімен ашу клиенттің банктік шотты ашу үшін көзделген құжаттарды ұсынуынсыз жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Клиент-занды тұлға бір банкте (банктің филиалында, бөлімшесінде) бірнеше банктік шоттарды ашқан жағдайда, банк Қағидалардың 2-тарауына сәйкес банктік шоттарды ашу үшін көзделген құжаттарды (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсатын қоспағанда) қайта ұсынуды талап етпейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Клиенттің алғашқы банктік шоты ашылған банктің басқа филиалында (бөлімшесінде) құжаттардың толық топтамасының бар екенін, оның ішінде қолда бар құжаттарды электрондық түрде беру жолымен банктің (филиалдың, бөлімшениң) растау тәртібін банк дербес белгілейді.

19. Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 1), 4), 6), 8) 11), 13) және 15) тармақшаларында көзделген талаптардың орындау мақсатында банк Салық кодексінің 24-бабының бірінші бөлігі 1) тармақшасының үшінші бөлігіне сәйкес бюджетке салықтардың және төлемдердің түсін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жатқызылған, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - мемлекеттік кірістер органы) өз құзыретінің шегінде ұсынатын салық төлеушілер туралы ақпаратты пайдаланады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Банк клиент-жеке тұлғаға банктік шот ашу кезінде КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабының 5-тармағына сәйкес банктік шот ашу кезінде клиент-жеке тұлға ұсынған мәліметтер негізінде клиент-жеке тұлғаға салықтық резиденттік белгілейді.

22. Қағидаларға сәйкес банктік шот ашу үшін клиент ұсынған құжаттар, егер оларды банкке клиент бұған дейін КЖТҚҚ туралы заңда көзделген клиентті (оның өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шаралар шенберінде ұсынса, клиент банкке қайтадан ұсынбайды.

23. Банктік шот ашу үшін клиент берген құжаттар банкте әрбір клиент бойынша арнайы ашылған істе жеке-жеке не түпнұсқада клиенттер бойынша құжаттарды бөле отырып жалпы істе сақталады.

Көшірмелері клиент ісінде (жалпы істе) сақталатын жеке басты қуәландыратын құжаттар, жарғылар, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) өндіріп алу туралы сот актісі не "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс) 158-бабына сәйкес жасалған алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) төлеу туралы нотариат қуәландырған келісім, сауда тізілімінен үзінді-көшірмелер не ұқсас сипаттағы басқа да құжаттар (окшауланған бөлімшелер үшін – ережелер), үлгі жарғының негізінде клиент қызметінің жүзеге асырылу фактісін растайтын құжаттар, заңды тұлғалар-клиенттерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), заңды тұлғалар-клиенттердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар және банкте операциялар жасау құқығына берілген сенімхаттар кірмейді.

Егер банктің (банк филиалының, бөлімшесінің) электрондық досье қалыптастыру мүмкіндігі болса, клиенттің құжаттарын, оның ішінде түпнұсқалар болып табылмайтын құжаттарын қағаз тасымалдағыштарда қосымша сақтамай-ақ электрондық түрде сақтауға жол беріледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Клиенттің банктік шотын ашу кезінде банк мемлекеттік кірістер органдарына Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған тәртіpte, жағдайларда және мерзімде хабарлайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Банк банктік шоттарды ашудан бас тартуды Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 15) тармақшасында, КЖТҚҚ туралы заңының 13-бабының 1-тармағында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 27-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша, Қағидаларда көзделген құжаттар ұсынылмаған не клиент пен банк арасында мәміле жасалмаған жағдайларда жүзеге асырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-параграф. Банктік шот шарты бойынша ағымдағы шоттар ашу

26. Ағымдағы шотты ашу үшін клиент банкке мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғалары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғалары және дара кәсіпкерлер:

жеке басын куәландыратын құжат;

2) жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар:

жеке басын куәландыратын құжат;

Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

нотариалдық қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның көшірмесі (жекеше нотариустар үшін) не "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның көшірмесі (адвокаттар үшін) не "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның көшірмесі (жеке сот орындаушылары үшін) не "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (кәсіби медиаторлар үшін);

3) Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғалары және олардың филиалдары мен өкілдіктері, Қазақстан Республикасында қызметтін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғалары:

Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген, қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын қуәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін) көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

филиалдың немесе өкілдіктің (өзге ұйымдық-құқықтық нысандардағы занды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін) басшысына занды тұлға берген сенімхаттың көшірмесі;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін);

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғалары:

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат немесе осы құжаттар нотариат қуәландырған және (немесе) зандастырылған және (немесе) апостиль қойылған жағдайда, бейрезидент-занды тұлға өкілдерінің шотқа иелік ету бойынша өкілеттіктерін растайтын және осындай уәкілетті өкілдердің қол қою үлгілері бар құжаттар;

сауда тізілімінен үзінді-көшірменің тұпнұсқасы немесе нотариат қуәландырған көшірмесі не осыған ұқсас сипаттағы, бейрезидент-занды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні және орны туралы ақпарат қамтылған, нотариалды қуәландаудың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы бар және қажет болған жағдайда зандастырылған не апостиль қойылған басқа құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын қуәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

5) шаруа (фермерлік) қожалықтары:

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті

тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландағыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

6) таратылатын банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, олардың филиалдары, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары:

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландағыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы сот не акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесі;

уәкілетті органның тарату комиссиясын тағайындау туралы шешімінің көшірмесі;

уәкілетті органның банктік және өзге де операцияларды жүргізуге не сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру туралы шешімінің көшірмесі;

7) шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер:

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің ағымдағы шотын жүргізуге (ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландағыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

дипломатиялық және консулдық өкілдіктің тіркелуін раставу туралы нотаның көшірмесі.

Банк осы тармақта көрсетілген құжаттарды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған жағдайда, оларды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаларына мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді есепке алу үшін олардың талабы бойынша ағымдағы шот ашылған кезде клиент банкке мыналарды:

- 1) жеке басын куәландағыратын құжатты;
- 2) ағымдағы шоттың белгіленуін қамтитын өтінішті ұсынады.

Осы тармақтың талаптары Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайға қолданылмайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.01.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27-1. Қазақстан Республикасының резиденттері жеке тұлғалар –алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) алушыларға алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шотты ашу кезінде клиент банкке:

1) алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) алушының жеке басын куәландыратын құжатты;

2) ағымдағы шоттың мақсаты қамтылған өтінішті;

3) алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) өндіріп алу туралы сот актісінің немесе Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекске сәйкес жасалған алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) төлеу туралы нотариат куәландырған келісімнің көшірмесін ұсынады.

Ескерту. Қағида 27-1-тармақпен толықтырды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2025 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

28. Тұрғын үй төлемдерін есептеуге және Тұрғын үй қатынастары туралы заңның 10 -5-бабына сәйкес мақсатқа төлемдерді жүзеге асыруға арналған ағымдағы шот ашу үшін клиент банкке:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) ағымдағы шоттың мақсаты бар өтініш;

3) № 1727 қағидаларға 4-қосымшаға, № 872 қағидаларға 5-қосымшаға, № 524 қағидаларға 3-қосымшаға не № 49 қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы (банкке ұсыну үшін) анықтама және (немесе) № 1727 қағидаларға 6-қосымшаға не № 49 қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы (банкке ұсыну үшін) анықтама ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-1. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-2. Инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алу үшін дара кәсіпкерлерге немесе заңды тұлғаларға ағымдағы шот ашу кезінде клиент банкке Қағидалардың 26-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында белгіленген құжаттарды, сондай-ақ ақшалай талапты өзгеге беріп қаржыландыру шартын және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын ұсынады.

Ескерту. Қағида 28-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-3. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар бойынша ақшаны есепке алу мақсатында ағымдағы шот ашу үшін клиент мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасы және Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғасы:

жеке басты куәландыратын құжатты;
ағымдағы шот белгіленуі қамтылған өтінішті;

ағымдағы шотты ашуға және (немесе) ондағы ақшаға иелік етуге нотариат куәландырған сенімхатты;

2) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасы банкке ағымдағы шот белгіленуі қамтылған өтінішті және Қағидалардың 26-тармағының 3) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. Қағида 28-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-4. Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығысты өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ағымдағы шот ашу кезінде қаржы басқарушысы банкке мыналарды ұсынады:

жеке басын куәландыратын құжат;

Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласында уәкілетті органның оны борышкерге қатысты сот банкроттығы рәсімін жүргізуге қаржы басқарушысы етіп тағайындау туралы бұйрығы;

борышкерге қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы сottың үйфарымы.

Ескерту. Қағидалар 28-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-5. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмекті есепке жатқызу үшін ағымдағы шотты ашқан кезде материалдық көмекті алушы банкке мыналарды:

жеке басын куәландыратын құжатты;

халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның қоныс аударушыларды немесе қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімінің көшірмесін;

жұмыс күшінің мобиЛЬділігін арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарттың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 28-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.09.2024 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Өкіл-жеке тұлғаның (бұдан әрі – өкіл) белгілі бір үшінші тұлғаның (клиент-жеке тұлғаның) атына ағымдағы шотты ашуы үшін өкіл банкке мыналарды ұсынады:

1) клиенттің жеке басын куәландыратын құжат;

2) өкілдің жеке басын куәландыратын құжат;

3) Азаматтық кодекске сәйкес уәкілетті тұлғага (ата-анаына немесе өзге де занды өкілдерге) сенімхатты ұсыну талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, ағымдағы шотты ашу және (немесе) ағымдағы шоттағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат куәландырған сенімхат.

Ағымдағы шотты ашу және (немесе) ағымдағы шоттағы ақшаға иелік ету құқығына нотариат куәландырған сенімхат ұсынылған жағдайда, клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29-1. Жеке немесе занды тұлға эскроу-шот режимінде ағымдағы шотты ашу үшін жеке немесе занды тұлғага ағымдағы шот ашу үшін Қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ ағымдағы шотты ашу құқығына сенім беруші ұсынған нотариат куәландырған сенімхатты ұсынады.

Банк, эскроу-шот аштын тұлға және атына эскроу-шот ашылатын тұлға арасындағы үш жақты шарт негізінде эскроу-шот режимінде ағымдағы шот ашуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген сенімхатты ұсыну қажет етілмейді.

Ескерту. Қағида 29-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29-2. Клиентке банктік шот қашықтан ашу тәсілімен ашылған кезде Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаға клиенттің жеке басын куәландыратын құжат ұсынбастан ағымдағы шотты ашуға жол беріледі.

Ескерту. Қағида 29-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-параграф. Банктік салым шарты бойынша жинақ шоттарын алу

30. Банктік салым шарты бойынша жинақ шотын ашқан кезде ақшаны (салымды) салымшының өз атына не белгілі бір үшінші адамның атына салуға болады, олар бұдан былай банктің клиенттері болып табылады.

31. Банктік салым шарты жасалғаннан кейін банк салымшының талап етуімен оған салынған салымды растайтын, банк клиентінің атына ресімделген құжат (салым құжатын) береді.

Салым құжаты банкте айқындалған талаптарда беріледі.

32. Жинақ шотын ашу үшін салымшы-клиент банкке мыналарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғалары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғалары және дара кәсіпкерлер:

жеке басын куәландыратын құжат;

2) жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар:

жеке басын куәландыратын құжат;

Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

3) Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғалары және олардың филиалдары мен өкілдіктері, қызметін Қазақстан Республикасында филиал және өкілдік арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғалары:

Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тaraуының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің жинақ шотын жүргізуге (жинақ шотындағы ақшага иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде (қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін) көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

занды тұлға филиалдың немесе өкілдіктің (өзге ұйымдық-құқықтық нысандардағы занды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін) басшысына берген сенімхаттың көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-занды тұлғалары:

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат немесе бейрезидент-занды тұлға өкілдерінің шотқа иелік ету бойынша өкілдіктерін растайтын және осы құжаттар нотариат куәландырған және (немесе) зандастырылған және (немесе) апостиль қойылған жағдайда, осындай уәкілетті өкілдердің қол қою үлгілері бар құжаттар;

сауда тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не осыған ұқсас сипаттағы, бейрезидент-занды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні және орны туралы ақпарат бар, белгіленген тәртіппен қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен расталған және қажет болған жағдайда зандастырылған не апостиль қойылған басқа құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің жинақ шотын жүргізу (жинақ шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

Банк осы тармақта көрсетілген құжаттарды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған жағдайда, оларды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32-1. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге ақша жинақтау мақсатында жинақ шотын ашу үшін салымшы-клиент банкке мыналарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасы және Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғасы:

жеке басты куәландыратын құжатты;

жинақ шоттың белгіленуі қамтылған өтінішті;

жинақ шотты ашу және (немесе) ондағы ақшаға иелік етуге берілген нотариат куәландырған сенімхатты;

2) Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғасы банкке жинақ шот белгіленуі қамтылған өтінішті және Қағидалардың 32-тармағының 3) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. Қағида 32-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Белгілі бір үшінші адамның-клиенттің атына жинақ шотын ашу үшін салымшы банкке мыналарды ұсынады:

1) жеке тұлға:

салымшының жеке басын қуәландыратын құжат;

жинақ шотын ашу және (немесе) жинақ шотындағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат қуәландырған сенімхат;

он алты жасқа жетпеген, кәмелетке толмаған адамдар-клиенттер үшін – туу туралы қуәлік;

2) занды тұлға, оның филиалдары мен өкілдігі:

жинақ шотын ашу және (немесе) жинақ шотындағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат қуәландырған сенімхат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің жинақ шотын жүргізуге (жинақ шотындағы ақшаға иелік етуге) байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын қуәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

Банк осы тармақта көрсетілген құжаттарды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған жағдайда, оларды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33-1. Жеке немесе занды тұлға эскроу-шот режимінде жинақ шотын ашуы үшін жеке немесе занды тұлға жинақ шотын ашу үшін Қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ жинақ шотын ашу құқығына сенім беруші ұсынған нотариат қуәландырған сенімхатты ұсынады.

Банк, эскроу-шот ашатын тұлға және атына эскроу-шот ашылатын тұлға арасындағы үш жақты шарт негізінде эскроу-шот режимінде жинақ шотын ашуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген сенімхатты ұсыну қажет етілмейді.

Ескерту. Қағида 33-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Құрылтай құжаттарына сәйкес банктік шот ашуға уәкілеттігі бар занды тұлға өкілінің сенімхат ұсынуы талап етілмейді.

Азаматтық кодекске сәйкес банктік шот ашуға уәкілеттігі бар жеке тұлғаның (аты-анасының немесе өзге занды өкілдерінің) сенімхат ұсынуы талап етілмейді.

35. Жинақтау жүйесі туралы заңға сәйкес білім беру жинақтау салымы туралы шарт негізінде жинақ шотын ашу кезінде клиент банкке мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын қуәландыратын құжат;

2) ағымдағы шоттың мақсаты бар өтініш.

35-1. Клиентке банктік шот қашықтан ашу тәсілімен ашылған кезде Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлғаға клиенттің жеке басын куәландыратын құжат ұсынбастан жинақ шотын ашуға жол беріледі.

Ескерту. Қағида 35-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-параграф. Жеке нотариус депозитке қабылдайтын ақшаны сақтау үшін банктік шот шарты бойынша жеке нотариусқа ағымдағы шоттар ашу

36. Азаматтық кодектің 291-бабында көзделген жағдайларда борышкерден кредиторға (бұдан әрі – депонент) беру үшін жеке нотариус (бұдан әрі – нотариус) қабылдайтын ақшаны сақтау үшін банктік шот шарты негізінде банк нотариусқа ағымдағы шот (бұдан әрі – нотариустың депозиті) ашады.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген банктік шот шартында осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген мәліметтерді, сондай-ақ:

1) депонент-жеке тұлғаға қолма-қол ақша беру немесе нотариустың депозитінен депонент-жеке тұлғаның не занды тұлғаның банктік шотына ақша аудару көзделетін нотариустың депозитінен ақша берудің талаптары мен тәртібі;

2) осы тараудың талаптарын сақтау шартымен банктің депонентке нотариустың депозитінен ақша беруі немесе аударуы, сондай-ақ депозитіне ақша енгізілген нотариустың лицензиясының қолданылуы тоқтатыла түрған немесе тоқтатылған жағдайларда аумақтық әділет органдың және нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен айқындалған нотариус өкімін орындау көзделетін, нотариустың депозитіндегі ақшага иелік ету тәртібі;

3) нотариустың депозитіне ақша енгізілген кезде нотариустың депозиті ашылған банкке борышкердің сыйақы төлеу тәртібі қамтылады.

38. Нотариустың депозитін ашу үшін нотариус банкке:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

3) нотариат қызметімен айналысуға құқық беретін лицензияның көшірмесін не электрондық лицензияның "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры арқылы алғынған көшірмесі;

4) тиісті нотариаттық округтің аумақтық нотариаттық палатасының нотариустың аумақтық нотариаттық палатаға мүшелігін растайтын анықтамасын ұсынады.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Нотариустың депозитіне банкке ақша енгізуді борышкер қолма-қол ақшаны енгізу арқылы не қолма-қол ақшасыз тәртіппен, банкке нотариустың депозитке ақша енгізуге келісімі бар, нотариус қол қойған және нотариустың мөрімен куәландырылған банктің атына жазылған құжат (болған кезде) жүзеге асырады.

5-параграф. Уақытша жинақ шоттары

40. Жаңадан құрылатын занды тұлға үшін, оның ішінде жаңадан құрылатын саяси партия үшін банк банктік салым шарты (шартты салым) негізінде уақытша жинақ шотын ашады).

41. Уақытша жинақ шоттары теңгемен ашылады.

42. Уақытша жинақ шоты бойынша жаңадан құрылатын занды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыруға не саяси партия құруды қаржыландыруға, оның ішінде құрылтай съезін (конференциясын) жүргізуді ұйымдастыруға және оларға банктік салым шарты бойынша банк көрсететін қызметке ақы төлеуге байланысты операциялар жасалады, бұл банк салымы шартында көрсетілуі тиіс.

43. Уақытша жинақ шотын ашу үшін клиент мыналарды ұсынады:

уақытша жинақ шотын ашу туралы өтініш;

құрылатын занды тұлға құрылтайшыларының уақытша жинақ шотын ашуға және жабуға уәкілдік берілген жеке тұлғаны тағайындау туралы хаттамасының көшірмесі және клиенттің жеке басын куәландыратын құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес уақытша жинақ шотын жүргізуге байланысты операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілдік тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған қүнінен кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін банк занды тұлғаға осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ағымдағы шот ашады.

45. Занды тұлға мемлекеттік тіркеуден өтпеген жағдайда банк уақытша жинақ шотын ашуға және жабуға уәкілдік берген жеке тұлғаның өтініші бойынша құрылтайшыларға не олардың бастамасы бойынша саяси партия құрылатын жеке тұлғаларға ақшаны қайтарады және уақытша жинақ шотын жабады.

3-тарау. Банктік шоттар жүргізу

1-параграф. Жалпы ережелер

46. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар, олардың филиалдары немесе өкілдіктері, сондай-ақ жеке сот орындаушылары, жеке нотариустар банкке Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жасалған, мөр бедерінің үлгісі қамтылған, қол қою үлгілері бар құжатты ұсынады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар, олардың филиалдары немесе өкілдіктері, дара кәсіпкерлер, шаруа (фермерлік) қожалықтары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар банкке Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жасалған, қол қою үлгілері бар құжатты ұсынады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талап сондай заңды тұлғалардың шығу елінің заңнамасына сәйкес мөрі жоқ, Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғаларына қолданылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Заңды тұлғалар, олардың филиалдары немесе өкілдіктері ұсынатын қол қою үлгілері бар құжаттарда бірінші қол қою құқығы басшыда және (немесе) ол уәкілеттік берген басқа адамдарда болады. Екінші қол қою құқығы бас бухгалтерге және (немесе) басқа уәкілетті адамдарға беріледі.

Бұл өкілеттіктер құрылтай құжаттары негізінде не тиісті заңды тұлғалар, филиалдар немесе өкілдіктер басшыларының бұйрықтары не Азаматтық кодекстің 1-бөлімінің 5-тaraуында көзделген құжаттар негізінде беріледі.

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшіліктері үшін осы өкілеттіктер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және өкілеттіктері қағидаларының 2-тармағына сәйкес уақытша әкімшілікті тағайындау туралы уәкілетті органның шешімі негізінде беріледі.

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары үшін осы өкілеттіктер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20820 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57 қаулысымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларының және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының

, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптардың 17-тармағына сәйкес уәкілетті органның тарату комиссиясын тағайындау туралы шешімі негізінде беріледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Егер заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің штатында екінші қол қою құқығын беруге болатын адам болмаса, банк құжатты тек бірінші қол қою үлгісімен қабылдайды, бұл туралы осы құжатқа тиісті жазба жазылады.

49. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Арнайы мақсаттарға ("кадрлар бөлімі", "пакет үшін" және басқа) арналған мөрлер бедерінің үлгілерін қабылдауға тыйым салынады.

52. Қол қою үлгілері бар құжаттың "Банктің белгісі" бағанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қоспағанда, банктің уәкілетті адамы бірінші не бірінші және екінші қол қою құқығы бар адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарының деректерін және банк айқындаған өзге мәліметтерді көрсетеді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Қол қою үлгілері бар құжатқа енгізілген тұлғалар қолдарының түпнұсқалығын банктің уәкілетті адамы заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің, дара кәсіпкерлердің, жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының банкке қол қою үлгілері бар нотариат куәландырған құжатты ұсыну жағдайларын қоспағанда, қол қою үлгілері бар құжатта қол қою үлгілері бар тұлғалардың жеке қатысуы кезінде растайды.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалары бейрезидент-заңды тұлға өкілдерінің төлем құжаттарына қол қою құқығымен шотқа иелік ету бойынша өкілдіктерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, қойылған қолдардың түпнұсқалығы құжаттарды нотариат куәландырған немесе апостиль қойған (заңдастырған) кезде расталады.

Ұлттық Банкте банктік шоттарды ашқан кезде қол қою үлгілері бар нотариат қуәландырған құжат ұсынылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Клиент қол қою құқығын басқа тұлғаға (тұлғаларға) уақытша берген жағдайда осы параграфта белгіленген тәртіппен тиісті қол қою үлгілері бар уақытша құжат ресімделеді.

54-1. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Занында көзделген тәртіппен атқарушылық іс жүргізу берілген кезде атқарушылық іс жүргізу өзіне берілген жеке сот орындаушысы ақшаға иелік ету үшін осы параграфта айқындалған тәртіппен тиісті қол қою үлгілері бар құжатты ұсынады.

Ескерту. 3-тaraу 54-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Занды тұлғаның атауы өзгерген, мөрі жоғалған немесе тозған жағдайда клиентке жаңа мөр дайындауға қажетті мерзім беруге жол беріледі. Мөрді дайындау кезеңінде банк және клиент төлем құжаттарын клиенттің мөрінсіз ресімдеу тәртібін банктік қызмет көрсету шартына сәйкес белгілейді.

56. Клиент ұсынатын қол қою үлгілері бар құжаттардың қажетті данасының санын банк айқындайды.

Оның бір данасы банктің операция жасайтын қызметкерінде тұрақты түрде, екіншісі – банк клиенттің іс қағаздарында болуы тиіс. Бұл норма клиенттің ісі банкте электрондық түрде қалыптастырылған және электрондық досье жүргізілетін жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Қол қою үлгісінің не мөр бедері үлгісінің болмағанда біреуі өзгерген жағдайда, банкке осы параграфта айқындалған тәртіппен ресімделген, қол қою үлгілері бар жаңа құжат ұсынады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Әрбір уәкілдегі тұлғаға жеке-жеке не бірнеше уәкілдегі тұлғаға ресімделген құжаттардан тұратын қол қою үлгілері бар құжатты, клиенттің осындай құжаттарды қол қою үлгілері бар бір құжат ретінде қабылдау туралы жазбаша өтініші банкке ұсынады жағдайда, ресімдеуге жол беріледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59. Банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелерді беруді банктер шартқа сәйкес жүргізеді. Банктің клиентке оның шоттары бойынша үзінді көшірмелерді беру (жеткізіп беру) қызметін электрондық тәсілмен немесе шартта көзделген болса, арнайы адам арқылы көрсетуіне рұқсат беріледі.

60. Банк өзіне басқа банк берген клиенттердің банктік шоттарын жүргізген кезде "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда банк көрсетілген банктік шоттарға жаңа жеке сәйкестендіру кодтарын береді және Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен салық органдарына хабарлайды.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.09.2024 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу Азаматтық кодекстің 740-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендей бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 156-бабына, Салық кодексінің 118-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңының 51-бабына, КЖТКҚ туралы заңының 13-бабына, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32, 62, 123-баптарына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 27-бабының 11-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері немесе клиенттің банктік шотында тұрған ақшаға тыйым салу туралы актілері негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.09.2024 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

62. Банкке клиенттің банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқта тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен кезде банк банктің және оның клиенттің деректемелері клиенттің банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқта тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады, осыдан кейін клиенттің банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

63. Банк уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқта тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға мына негіздердің біреуі бойынша:

1) банктің және оның клиенттің деректемелері Банктер және банк қызметі туралы заңын 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бұрын қабылданған шешімдерінде және (немесе) өкімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидалары) сәйкес банктің және оның клиенттің деректемелері уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайда;

2) егер мемлекеттік кірістер органдың клиенттің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16533 болып тіркелген "Өкімдердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 145 қаулысымен сәйкес келмейтін нысанда ресімделсе және ұсынылса;

3) егер уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21209 болып тіркелген "Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған, сондай-ақ Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қағидаларын және өкімнің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 354 бүйрүгіна сәйкес келмейтін нысанда ресімделсе;

4) егер уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңын 27-бабы 11-тармағының екінші бөлігіне сәйкес шығыс операцияларын тоқтата тұруға жол берілмейтін клиенттің банктік шотына ұсынылған жағдайда.

5) егер уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына ұсынылған жағдайда, орындаусыз операциялық үш күннің ішінде кері қайтарады.

Қағидалардың 63-тармағы 5) тармақшасының ережесі атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдардың, оның аумақтық органдарының өндіріп алушылардың, лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының пайдасына өндіріп алған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдеріне қолданылмайды.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.09.2024 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-параграф. Нотариустың депозитін жүргізу

64. Нотариустың депозитінен ақша беру Қағидаларда және (немесе) банктік шот шартында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) жеке тұлғага – қолма-қол ақшамен не депоненттің банктік шотына ақша аудару арқылы;
- 2) заңды тұлғага – ақшаны депозита нотариустың депозитінен депоненттің банктік шотына аудару арқылы.

65. Банк нотариустың депозитінен депонентке қолма-қол ақша беруді нотариустың өтініші негізінде жүзеге асырады, өтініште депонент-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), депонетке төлеуге жататын ақша сомасы, нотариустың депозитінің жеке сәйкестендіру коды жазылады.

66. Нотариустың депозитінен ақша аударуды банк депонентке нотариустың депонент-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе депонент-заңды тұлғаның атауы бар өтініші және банкке Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру қағидаларда айқындалған тәртіппен ұсынылған оның нұсқауы негізінде жүзеге асырады.

67. Нотариустың депозитінен ақша беру не аудару үшін депонент банкке нотариустың өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) борышкердің нотариус депозитіне ақша енгізуін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) нотариус депозитінен қолма-қол ақша берген кезде – осы депозитті ашқан нотариус нотариалды куәландыратын қолдың түпнұсқалылығы, депонент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін нотариустың депозитінен ақша алуға депоненттің құқығын растайтын құжаттың атауын және депонент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып ақша беру туралы депоненттің өтініші;

3) нотариустың депозитінен ақша аударған кезде – депонент-жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не депонент-занды тұлға үшін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжат.

68. Нотариустың атына депозиттің талаптарымен енгізген тұлғаға ақшаны қайтаруды банк соттың занды күшіне енген шешімі не борышкер-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні немесе борышкер-занды тұлғаның атауы жазылған өтініш мыналар қоса беріледі:

1) нотариустің депозитіне борышкердің жарна салғаны туралы түбіртектің көшірмесі;

2) пайдасына ақша (депонент) енгізілген тұлғаның келісім туралы, олардың депозитке (борышкерге) енгізген тұлғаға ақшаны қайтаруға өтініш, нотариус нотариалды куәландыратын қолдың түпнұсқалылығы;

3) борышкерге ақша қайтару туралы оның өтініші, нотариус нотариалды куәландыратын қолдың түпнұсқалылығы.

69. Нотариустың лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайларда, нотариустың депозитіне орналастырылған ақша аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімі негізінде аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімінде айқындалған басқа нотариустың депозитіне аударылады, нотариустың депозитін банк жабады.

70. Кредиторлар алдында борышкердің берешегін белгілейтін құжаттар, сондай-ақ борышкердің нотариустың депозитіне ақша енгізуін растайтын құжаттар аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімінде айқындалған нотариусқа беріледі.

71. Аумақтық әділет органының және нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен белгіленген нотариус ақшаны аудару үшін банкке төлем тапсырмасын ұсынады және аумақтық әділет органының және нотариаттық палатаның бірлескен шешімін қоса беріп отыр.

4-тaraу. Банктік шоттарды жабу

72. Банктік шотты жабуды:

1) клиенттің өтініші негізінде, егер банктік қызмет көрсету шартында және (немесе) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабында, "Оналту және банкроттық туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 13-бабында, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабында өзгеше көзделмесе, кез келген уақытта жүргізіледі;

2) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 29-бабында көзделген тәртіппен банктік шот шартын немесе банктік салым шартын орындаудан бас тартқан не күші тоқтатылған жағдайда банк өздігінше жүзеге асырады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Банктік шот жабылған кезде клиенттің банктік шотында қалған ақша клиентке беріледі не оның нұсқауы бойынша банктік қызмет көрсету шартына сәйкес басқа банктік шотқа аударылады.

74. Клиенттің банктік шотын жабу кезінде банк жеке сәйкестендіру кодын жояды.

Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңының 27-бабының 1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайда банктік шот шарты жасалмаған кезде банк банктің ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде жеке сәйкестендіру кодын жояды.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

75. Клиенттің іс қағазында банктік шотты жабуға негіздеме көрсетіледі.

76. Банктік шотты мына болған жағдайда жабуға жол берілмейді:

1) бантік шоттың:

занды-тұлға клиенттің таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына;
жеке және занды тұлғаның шоттарында бір жылдан астам уақыт ақша болмауына;
клиенттің банктік шоты ашылған банктің таратылуына;

жеке және занды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда, клиенттің банктік шоты ашылған банктің қайта ұйымдастырылуына;

Банктер және банк қызметі туралы заңда көзделген тәртіппен банктің ислам банкіне конвертация нысанында ерікті қайта ұйымдастырылуына байланысты жабылған жағдайларды қоспағанда, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың банктік шотына қойылған орындалмаған талаптары, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ мыналарға байланысты банктік шот жабылған жағдайды қоспағанда клиенттің банктік шотындағы ақшага тыйым салуға құқығы бар актілер;

2) банктік шоттың:

занды-тұлға клиенттің таратылуына немесе қайта үйымдастырылуына;

КЖТҚҚ туралы занға және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес банктік шот жабылған жағдайда қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес клиент банкке ұсынған экспортты (импортты) көздейтін валюта шарты бойынша орындалмаған талаптар.

77. Клиенттің банктік шотын жабу кезінде банк Салық кодексінің 24-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында айқындалған тәртіппен, жағдайларда және мерзімде мемлекеттік кірістер органдарына хабарлайды.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78. Банк уақытша жинақ шотты осы тарауында белгіленген тәртіппен жабады.

79. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің банктік шотын жабу бюджеттің орындалуы жөніндегі орталық уәкілетті орган осы мемлекеттік мекемеге банктік шотын ашу үшін берілген рұқсатты қайтарып алған не осындай рұқсатты қолдану мерзімі аяқталған жағдайда жүргізіледі.

Клиенттердің банктік шоттарын
ашу, жүргізу және жабу
қағидаларына
1-қосымша

Банктік шот нөмірінің бірыңғай құрылымы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиенттің банктік шот нөмірінің бірыңғай құрылымының ұзындығы белгіленген жиырма дәрежеден тұратын болады KZCCBXXXXXX, мұнда:

1) бірінші және екінші дәрежелер - Қазақстан Республикасының коды. Халықаралық код - KZ пайдаланылады;

2) үшінші және төртінші дәрежелер – банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиенттің банктік шот номерінің шынайы болуын және оны банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының төлем және өзге де құжаттарында дұрыс көрсетілуін бақылауға, қамтамасыз етуге арналған бақылау дәрежесі;

3) бесінші, алтыншы және жетінші дәрежелер – банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының коды. Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының кодын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындейды;

4) сегізден жиырмаға дейінгі дәрежелер - банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының банкішілік нөмірі, ол бір банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының ақпараттық (операциялық және өзге) жүйесінде айрықша болып табылады және банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің бір мәндегі сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының банкішілік нөмірі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының қалауы бойынша пайдаланылады. Еркін белгілер нөлмен белгіленеді және нөмірдің алдында пайдаланылмаған сол дәрежелерге орналастырылады. Банктік шоттарға нөмір берілгенде цифрлық немесе латын әліпбииңің "I", "Q", "O" әріпттерін қоспағанда, әріптік-цифрлық символдары қолданылады. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының банкішілік нөмірінде әріптік символдар бар болса, бақылау дәрежесін есептеу осы қосымшада көзделген әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесін пайдалана отырып жүргізледі.

2. Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының нөмірін көзбен көріп қабылдауды жеңілдету мақсатында төрт мәнді символдан тұратын аралары бөлінген банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының нөмірі қағазға жазылған төлемдік және өзге де құжаттарда мынадай түрде көрсетуге болады:

KZCC ББХ XXXX XXXX XXXX.

3. Электронды түрде ресімделген төлемдік және өзге құжаттарда банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің банктік шотының нөмірі белгілердің үздіксіз ретімен көрсетіледі.

Әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесі

A=10	G=16	N=23	V=31
B=11	H=17	P=25	W=32
C=12	J=19	R=27	X=33
D=13	K=20	S=28	Y=34
E=14	L=21	T=29	Z=35
F=15	M=22	U=30	

Клиенттердің банктік шоттарын
ашу, жүргізу және жабу
қағидаларына
2-қосымша

Бақылау дәрежесін есептеу және тексеру алгоритмі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Бақылау дәрежесін есептеу кезінде халықаралық стандарт (Modulus 97-10, ISO-7064) пайдаланылады, ол санның 97-ге бөлінуін болжамдайды, бөлуден алынған қалдық 98-ден шегеріледі. Егер нәтиже бір мәнді сан болып табылатын болса, алдына бір нөл қосылады.

№ 1 мысал.

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиенттің банктік шотының бақылау дәрежесі KZ CC 123 1234564567891 болып есептелсін.

Бірінші қадам: бірінші төрт символ банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиенттің банктік шот нөмірінің аяғына ауыстырылады, елдің код белгісі Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қагидаларына 1-қосымшаға сәйкес әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесінің негізінде айырбасталады, екінші екі символ нөлмен белгіленеді. Нәтижесі: 123 1234564567891 2035 00.

Екінші қадам: жоғарыда көрсетілген сан 97-ге бөлінеді және бөлуден 43 қалдық шығады.

Үшінші қадам: 98-43=55.

Бақылау дәрежесі 55-ке тең.

Клиенттің банктік шот нөмірі KZ 55 123 1234564567891.

№ 2 мысал.

Клиенттің банктік шотының бақылау дәрежесі KZ CC 123 1234565678902 болып есептелсін.

Бірінші қадам: бірінші төрт символ банк клиенттің банктік шот нөмірінің аяғына ауыстырылады, елдік код белгісі Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қагидаларына 1-қосымшаға көзделген әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау негізінде айырбасталады, екінші екі символ нөлмен белгіленеді. Нәтижесі: 123 1234565678902 2035 00.

Екінші қадам: жоғарыда алынған сан 97-ге бөлінеді және тең бөлуден 90 қалдық шығады.

Үшінші қадам: 98-90=8.

Бақылау дәрежесі 8-ге тең, оның алдында "0" қосылады.

Клиенттің банктік шотының нөмірі KZ 08 123 1234565678902.

2. Бақылау разрядының дұрыстығын тексеру кезінде санды 97-ге бөлуден болатын қалдықты табуды болжайтын халықаралық стандарт (Modulus 97-10, ISO-7064) пайдаланылады.

Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қагидаларына 1-қосымшаға сәйкес әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесін қолдана отырып, банктік шоттың нөмірін 97 санына бөлуден болатын қалдық табылады . Банктік шоттың нөмірі дұрыс көрсетілген кезде қалдық 1 (бірге) тең болуы тиіс.

Мысал:

Клиенттің банктік шотындағы бақылау разрядын бақылап тексеру KZ 55 1231 2345 6456 7891

Бірінші қадам: бірінші төрт символ банк клиентінің банктік шот нөмірінің аяғына ауыстырылады, елдің код белгісі Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесінің негізінде айырбасталады:

1231 2345 6456 7891 2035 55.

Екінші қадам: жоғарыда алынған сан 97-ге бөлінеді. Нәтижесі - 1231234564567891203555/97=12693139840906094882,010309278351.

Алынған саннан тұтас бөлік дәнгелектелмей бөлініп көрсетіледі 12693139840906094882.

Үшінші қадам: екінші қадамнан алынған сан 97-ге көбейтіледі, яғни біздің мысалымызда $12693139840906094882 * 97 = 1231234564567\ 891203554$ аламыз.

Төртінші қадам: бірінші қадамнан алынған саннан үшінші қадамнан алынған сан шегерілді. Егер нәтиже 1 (бірге) тең болса, бақылау разряды дұрыс есептелген. Осы мысалда $1231234564567891203555-231234564567891203554=1$ болады. Бақылау разряды 55 дұрыс.

Клиенттердің банктік шоттарын
ашу, жүргізу және жабу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қол қою үлгілері бар күжат Документ с образцами подписей

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының клиенті Клиент банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан	Атауы Наименование	Коды Коды	Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының белгілеулері Отметки банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан
Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің орналасқан жері Местонахождение клиента банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан			
Телефон			

Телефон			
Банк (банктің филиалы, бөлімшесі), Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы			
Банк (филиал, подразделение банка), филиал банка-нерезидента Республики Казахстан	Атауы		
	Наименование		
Банктің (банктің филиалы, бөлімшесі), Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының орналасқан жері			
Местонахождение банка (филиал, подразделение банка), филиала банка-нерезидента Республики Казахстан			
Телефон			
Телефон			
Банктік шоттың түрі			
Вид банковского счета			
Клиенттің сәйкестендіру коды			
Идентификационный код клиента			
<p>Осы күжатта көрсетілген қол қою және мөр бедері үлгілеріне сәйкес қол қою және мөр бедері клиенттің келісімін талап ететін банктік шот бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті</p> <p>Подписи и оттиск печати в соответствии с их образцами, указанными в настоящем документе, обязательны при осуществлении всех операций по банковскому счету, требующих согласия клиента</p>			
Лаузымы Должность	Аты-жөні (ол бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии)	Қол қою үлгісі Образец подписи	Мөр бедері үлгісі Образец оттиска печати
Бірінші қол Первая подпись			
Екінші қол Вторая подпись			

Сырт жағы

Оборотная сторона

Үлгілердің тұпнұсқалығын растайтын тұлғаның аты-жөні (ол бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) лица, подтверждающего подлинность образцов	Үлгілерді раставу күні Дата удостоверения образцов	Үлгілердің, мөрдің тұпнұсқалылығын растайтын тұлғаның қолы Подпись лица, подтверждающего подлинность образцов, печать
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қол қою үлгілері бар күжат Документ с образцами подписей

Ескеरту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының клиенті Клиент банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан	_____ — Атауы _____ — Наименование	Коды Коды	Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының белгілеулері Отметки банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан
Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы клиентінің орналасқан жері Местонахождение клиента банка, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан	_____ —		
Телефоны	_____		
Телефон	—		
Банк (банктің филиалы, бөлімшесі), Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы Банк (филиал, подразделение банка), филиал банка-нерезидента Республики Казахстан	_____ — Атауы _____ — Наименование		
Банктің (банктің филиалы, бөлімшесі), Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының орналасқан жері Местонахождение банка (филиал, подразделение банка), филиала банка-нерезидента Республики Казахстан	_____ —		
Телефон	_____		
Телефон	—		

Банктік шоттың түрі		
Вид банковского счета		
Клиенттің сәйкестендіру коды		
Идентификационный код клиента		
Осы құжатта көрсетілген кол қою үлгілеріне сәйкес кол қою және бедері клиенттің келісімін талап ететін банктік шот бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті		
Подписи в соответствии с их образцами, указанными в настоящем документе, обязательны при осуществлении всех операций по банковскому счету, требующих согласия клиента		
Лаузымы Должность	Аты-жөні (ол бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии)	Кол қою үлгісі Образец подписи
Бірінші кол Первая подпись		
Екінші кол Вторая подпись		

Сырт жағы

Оборотная сторона

Улгілердің түпнұсқалығын растайтын тұлғаның аты-жөні (ол бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) лица, подтверждающего подлинность образцов	Улгілерді растау күні Дата удостоверения образцов	Улгілердің, түпнұсқалығын растайтын тұлғаның қолы Подпись лица, подтверждающего подлинность образцов
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

2016 жылғы 31 тамыздағы

№ 207 қаулысына
қосымша

**Күші жойылған деп саналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын
ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы

№ 266 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де

мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2001 жылы № 40-41 жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгерістерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 8 қазандағы № 382 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1675 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2001 жылы № 40-41 жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1199 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есеп шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы № 90 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2244 тіркелген, 2003 жылғы 6 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінің № 137-138 (23348) жарияланған).

4. "Банктік депозиттік сертификаттарды бағалы қағаздар деп тану және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1199 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі № 140 қаулысының 5-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2343 тіркелген).

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 24 қантардағы № 2 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4094 тіркелген, 2006 жылғы 10 наурызда "Зан газеті" газетінің № 42-43 (849) жарияланған).

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 18 қантардағы № 2 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4534 тіркелген, 2007 жылғы 16 ақпанда "Заң газеті" газетінің № 25 (1054) жарияланған).

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдедегі № 76 Қаулысына қосымша болып табылатын өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4880 тіркелген, 2007 жылғы 5 қыркүйекте "Заң газеті" газетінің № 135 (1164) жарияланған).

8. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 24 қазандағы № 123 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5128 тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2008 жылғы 19 ақпандағы № 25 (1251) жарияланған).

9. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 23 маусымдағы № 49 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5272 тіркелген, 2008 жылғы 26 тамызда "Заң газеті" газетінің № 129 (1355) жарияланған).

10. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2009 жылғы 9 шілдедегі № 60 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5754 тіркелген, 2009 жылғы 4 қыркүйекте "Заң газеті" газетінің № 134 (1557) жарияланған).

11. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 24 тамыздағы № 85 Қаулысының қосымшасы болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулылары тізбесінің 5-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5806 тіркелген, 2009 жылғы 30 қазанда "Заң газеті" газетінің № 165 (1589) жарияланған).

12. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк клиентінің банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымына көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 91 Қаулысына қосымша болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5852 тіркелген, 2009 жылғы 4 желтоқсанда "Заң газеті" газетінің № 186 (1609) жарияланған).

13. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2010 жылғы 20 тамыздағы № 76 Қаулысына қосымша болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6534 тіркелген, 2010 жылғы 21 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінің № 435 (26278) жарияланған).

14. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру және банк шоттарын ашу және жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 наурыздағы № 24 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6946 тіркелген, 2011 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінің № 224-225 (26623) жарияланған).

15. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 65 Қаулысына 1-қосымша болып табылатын өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7122 тіркелген, 2011 жылғы 15 қыркүйекте "Заң газеті" газетінің № 133 (1949) жарияланған).

16. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 132 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7333 тіркелген, 2012 жылғы 14 сәуірде "Егемен Қазақстан" газетінің № 152-156 (27229) жарияланған).

17. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 108 Қаулысына 1-қосымша болып табылатын нормативтік сәйкестендіру нөмірлері мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7625 тіркелген, 2012 жылғы 23 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінің № 540-545 (27618) жарияланған).

18. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу, ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 266 Қаулысына 1-қосымша болып табылатын банктік шоттар ашу, жүргізу және жабу, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2 және 4-тармақтары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7992 тіркелген, 2012 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" газетінің № 802-806 (27877) жарияланған).

19. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 Қаулысымен бекітілген өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, 2013 жылғы 6 тамызда "Заң газеті" газетінің № 115 (2316) жарияланған).

20. "Кейбір нормативтік құқықтық актілерге ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 117 Қаулысына қосымша болып табылатын төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8513 тіркелген, 2013 жылғы 23 шілдеде "Заң газеті" газетінің № 107 (2308) жарияланған).

21. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 62 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9600 тіркелген, 2014 жылғы 12 тамызда "Әдіlet" Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

22. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 150 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша, өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9715 тіркелген, 2014 жылғы 3 қазанда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

23. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы

№ 168 Қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 9796 тіркелген, 2014 жылғы 12 қарашада "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

24. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру, банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 200 Қаулысына 1-қосымша болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9943 тіркелген, 2014 жылғы 30 желтоқсанда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

25. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 28 Қаулысына қосымша болып табылатын Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10715 тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

26. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 72 Қаулысына қосымша болып табылатын төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11163 тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

27. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 32 Қаулысына қосымша болып табылатын төлемдер мен ақша аударымдары және банк шоттарын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13304 тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).